



Ғылыми мақала
FTAMP 21.15.09



<https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-150-1-129-141>

М. Элиаденің дінтанулық концепцияларына түсіндірме

Төлен Барақбаева^а, Альбина Дүйсенбаева✉^а, Темур Аманқұл^б

^аНұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

^бӘл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

✉ albina87.03@yandex.kz

Аңдатпа. Мақалада Мирча Элиаденің дінтану саласындағы негізгі концепциялары қарастырылып, олардың қазіргі ғылымдағы рөлі мен маңыздылығы жан-жақты талданады. Дін тарихшысының зерттеулері дінтану саласындағы негізгі классикалық ізденістер екені сөзсіз, осы концепцияларды талдай отырып Элиаденің діни тәжірибедегі тұжырымдары қазіргі дінтану саласында маңызды көрсеткіштер екенін оқырман назарын аудартуды жөн санаймыз. Элиаде діннің әмбебап құрылымын түсіндіру мақсатында «қасиетті мен жерлік», «иерофания», «архаикалық ойлау», «миф», «символ», «діни универсализм» және «уақыт» ұғымдарын қалыптастырды. Осы концепциялардың діни сананың құрылымын зерттеудегі ықпалы сарапталып, жаңа интерпретация ұсынылды. Элиаденің идеялары діни тәжірибенің әмбебап заңдылықтарын ашып, оның мәдени және рухани процестерге тигізетін әсерін көрсетеді. Ол дінді тек сенім жүйесі ретінде ғана емес, адамзаттың әлемді тану тәсілі ретінде қарастырады. Элиаденің мифтер мен символдарға қатысты көзқарастарының діни дүниетанымдағы орны анықталып, олардың адамдардың рухани өміріндегі атқаратын қызметі көрсетіледі. Оның теорияларының қазіргі дінтану ғылымындағы өзектілігі талданып, символдар мен мифтердің адам өміріндегі маңыздылығы айқындалды. Зерттеу нәтижесінде Элиаде тұжырымдарының дін феноменологиясына қосқан үлесі мен олардың қазіргі заманғы дінтанулық зерттеулердегі маңызы жаңа қырынан бағаланды. Элиаде тұжырымдары діннің адам өміріндегі маңызын ашуға, мифтер мен ритуалдардың қоғамдағы атқаратын қызметін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: уақыт; символ; концепция; дін тарихы; иерофания; қасиетті; архаикалық; діни сана.

For citation:

Barakbaeva T., Duissenbayeva A., Amankul T., Explanation of M. Eliade's Religious Studies Concepts // Jete – Journal of philosophy, religious and cultural studies. – 2025. – Vol. 150. – No. 1. – P. 129-141. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-150-1-129-141>

Мақаланың сілтемесі:

Барақбаева Т., Дүйсенбаева А., Аманқұл Т., М.Элиаденің дінтанулық концепцияларына түсіндірме// Jete – Journal of philosophy, religious and cultural studies. – 2025. – Т. 150. – No.1. – С. 129-141. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-150-1-129-141>

Кіріспе

Мирча Элиаде – дінтану ғылымының көрнекті өкілі, оның шығармашылық мұрасы қазіргі дінтану мен діни философияның негізіне айналған. Ол діннің мәдени және психологиялық аспектілерін терең зерттеп, оның адам болмысындағы рөлін түсінуге тырысты. Ол өзінің дін тарихшысы ретінде жасаған діни талдауларының концепцияларын өзінің түсінігі бойынша талдап оқырманға ұсынады. Сонымен қатар діндер тарихын өзгеде ғылыми салалардың талдау, түсіндіру еңбектерін бағалай отырып діндер тарихының өзгеше методологиясы бар екенін алға тартады. Себебі олар дін тақырыбын зерттеп жазғанымен, діни концепцияларын ашпайтындығын айтады. Ол 1925-1928 жылдары Бухарест университетінде білім алып, кейіннен Калькутта университетінде санскрит және үнді философиясы бойынша білім алады. Алғашқы еңбектері румын тілінде 1930 жылдардан бастап жарық көрді. Кейіннен оның еңбектері француз тілінде жарыққа шыға бастады. Бұл кезеңдердегі еңбектері діндер тарихы қойнауынан алынған тынымсыз ізденістер еді. «Діндер тарихы туралы трактат» (Eliade, 1948), «Мәңгілік қайта оралу туралы миф» (Eliade, 1961), «Шаманизм: экстаздың архаикалық әдістері» (Eliade, 1951), «Символдар мен бейнелер» (Eliade, 1964), «Йога. Ажалсыздық және еркіндік» (Eliade, 1968), «Қасиеттілік және дүниелік» (Eliade, 1956) және Элиаденің жетекшілігімен 1987 жылы 16 томды «Діндер тарихы» энциклопедиясы жарыққа шықты (Eliade, 1987). [1] Осы қатардағы еңбектері кеңінен таралып көп тілдердерге аударылғаннан бастап Элиаденің діни концепциялары дін тарихындағы бірден бір концепциялар ретінде кеңінен мойындала бастады.

Элиаденің дінтанулық концепциялары дін феноменологиясының бірегей бағытын құрайды, онда оның идеялары басқа дінтанушылардың пікірлерімен салыстырғанда ерекше, Гуссерльдің феноменологиясына ұқсамайтын жаңаша көзқарас қалыптастырды. Иудей – христиандық дәстүрде дүниеге келген Элиаде өз шығармашылығында шығыстың тылсым дүниетанымы мен архаикалық сенімдерімен батыстық өркениет арасындағы байланысты табуға тырысты. Сондықтан тұрақты ізденіс жасап «діндер тарихы» концепциясын жасады. Әр түрлі рухани және саяси өзгерістерге алып келетін адамзат өркениетінің өзгеруі және қоғамдағы катаклизмдер, әрқашан апокалиптикалық, эзотерикалық және басқа да діни-мистикалық ілімдердің өсуімен бірге жүрді. Себебі, Элиаденің дін феноменологиясы діндер тарихының тұжырымдамалары мен концепцияларынан пайда болған. Бұл мақалада Элиаденің дінтанулық концепциялары

мен оның негізгі тұжырымдамалары, сондай-ақ осы концепциялардың қазіргі дінтану ғылымындағы орны талданады.

Әдістер мен материалдар

Мақалада дінтану саласындағы діни концепциялық мәселелерді түсіндіруге бағытталған әдіснамалық негіздер қарастырылады. Бұл негіздер жалпыға бірдей танымның ғылыми әдісіне сүйенеді. Гипотезалық, функционалдық әдістер арқылы діни концепциялар мен діни көзқарастардың даму жолдарын тәжірибелік тарихи тұрғыдан талдау жүзеге асырылады. Формалды-логикалық әдістер арқылы жинақталған діни концептуалдық мазмұндар қазіргі ғылыми саланың белгіленген ережелеріне сәйкес терең зерттеулер үшін пайдаланылады. Қазіргі діндер тарихы салаларын зерттеуде заңнамалық және тәжірибелік аспектілерді жүйелеу маңызды болып табылады. Мақаладағы қолданылған салыстырмалы әдіс отандық зерттеулер мен шетел тәжірибесін салыстыра отырып, ғылыми танымның тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеудің теориялық негіздеріне заңнама, ережелер және осы саладағы мамандардың ғылыми конференция материалдары мен тезистері кіргізілді.

Негізгі бөлім

1. *Қасиетті мен Profane (жерлік) концепциялары арасындағы айырмашылық.* Элиаде діннің негізгі сипаты ретінде «қасиетті» мен «жерлік» (profane) арасындағы айырмашылықты анықтап түсіндіреді. Олар қасиетті құбылысты адам болмысының ең жоғары мәні, адамның құдаймен немесе ең жоғарғы рухани болмысымен байланысын білдіреді деп есептейді. Қасиетті деген, әлемнің адамнан тыс, трансцендентті аспектісі болып табылады. Қасиеттілік «құдай» идеясының түсіндермесі. Ал жерлік әлем – күнделікті өмірдің, адамның тұрмыстық әлемінің бөлігі дейді. Элиаде бұл айырмашылықтарды өмір мен өлім, қасиетті және қарапайым арасындағы күрес ретінде түсіндіреді.

Элиаденің еңбектерінен қасиеттінің абстрактілік теориясын бөліп алу оңай емес. Элиаденің басқа дәстүрлі ойшылдардан айырмашылығы қасиеттілікті зерттеп жазғанда өзінің әртүрлі авторлық кротофания, крипто – дін (крипторелигиозность), қайтымдылық (обратимость) деген терминдерін қосып, әлем халықтарының әртүрлі наным-сенімдерінен қасиетті көріністердің нақты мысалдарын қарастырып түсіндіреді.

Осылайша, барлық діни құбылыстардың алуан түрлілігін бірегейлендіріп барлығын «қасиетті» элементімен өрнектеп суреттейді. Қасиетті категориясын діндерді салыстырудың ортақ негізіне айналдырды. Осы аталған қасиетті элементін қолдана отырып Элиаде барлық діндердің тарихи формаларын иерофания ұғымымен салыстырады.

2. *Иерофания және әлемнің құрылымы.* Элиаденің дінтанулық концепциясындағы тағы бір маңызды тұжырымдама – «иерофания» ұғымы. Иерофания (грек тілінен аударғанда ιερός «қасиетті» + φαίνω «жарық, жарқырау») – қасиеттінің көрінісі. Негізінде иерофания термині христиандықтағы «теофания» терминінің кеңейтіліп түсіндірілуі болып

табылады. Иерофания – бұл қасиеттің әлемде ашылуы, оның көрініс табуы. Элиаде діннің түпкі мағынасы «қасиеттің» әлемде, уақыт пен кеңістікте көрініс табуы деп есептейді. Иерофанияның көрініс табуы түрлі формада болуы мүмкін: киелі орындарда, қасиетті кітаптарда, діни мейрамдарда, рәсімдерде, мифтерде, символдарда немесе діннің басқа да элементтерінде. Иерофанияның маңызы – адамның өмірін дінмен байланыстыру, яғни адам өзінің қасиетімен бірігуі. Иерофания актісінде трансцендентті шынайылық пен адам жанының өзгешелігін ашуға ұмтылудың арасында әр кез кездесу болады. Элиаде осындай сападағы адамды *homoreligiosus* деп атайды, бұл адамдар әлемдік тәртіптерді «қайтадан жасап» хаосты ретке келтіреді және өздерінің өмір сүру кеңістіктерін жарықтандырады. Бұл әрекеттер оның ғарыштық киеліліктері мен таза бастауларына ие болып, Жаратушының қолынан шыққан түпнұсқа күйіне қайта оралуды қалауын көрсетеді. Осылай, Элиаде иерофания тұжырымдамасы арқылы трансцендентальды дүниенің табалдырығында тұрған адамның орнын анықтайды. Сонымен қатар жалпы иерофанияның формалары әр мәдениеттерде әртүрлі танылатынында айта кеткен дұрыс. Тарихтар бойынша әртүрлі мәдениеттер иерофанияларды экономикалық, рухани және әлеуметтік өмірдің барлық аспектілерінде болады дейді. Белгілі бір мәдениетті алып зерттесек иерофания болып табылмайтын затты, тіршілік иесін немесе ойын-сауықты табу қиынға соғады. Себебі барлығы бір мағынаға негізделіп шығарылған. Мысалы: Діни адам алдында тұрған барлық нәрсені иерофания ретінде қабылдай алады. Олар мүмкін, музыкалық аспаптар, архитектуралық формалар, көлік құралдары және т.б. әр түрлі халықтар арасында олар қасиетті көрініс ретінде құрметтеле беруі мүмкін. Сондықтан, белгілі бір жағдайларда кез-келген материалдық объект иерофанияға айнала алады.[2]

3. *Элиаденің тағы бір маңызды концепциясы – архаикалық ұғымы.* Элиаде діндер тарихын зерттей отыра архаикалық ұғымын терең түсіндіреді. Ол адам өмірінде өткен дәуірлердің маңызы зор екенін және бұл өткен уақыттың қайтадан жаңғыртылуы қажеттілігін айтады. Элиаде діндердің көптеген рәсімдері мен мифтерінің архаикалық процесін көрсететінін мәлімдейді. Адам, уақыттың ағысына қарсы тұра отырып, өзінің «алғашқы», «түпнұсқа» болмысын қалпына келтіруді қалайды. Бұл процесс, оның пікірінше, діннің мәдениеттегі маңызды қызметін көрсетеді.

Оның еңбектерінде архаикалық және архетиптер концепциясы ерекше орын алады. Элиаденің «архаика» туралы түсінігі негізінен мәдениет, дін және мифологияның ең көне формаларына жатады.

Архаикалық (архаистік мәдениет) дегеніміз – өткен дәуірлердің, көне уақыттардың мәдени және діни көзқарастары мен құрылымдарының қазіргі уақытқа дейін сақталуы және соны тауып зерттеп қайта жаңғырылуы. Элиаде бұл ұғымды мәдениет пен діндердің эволюциясын түсіндіруде қолданған.

Элиаденің пікірінше, архаизм тек көне дәуірдің элементтерін сақтап қалу ғана емес, сондай-ақ адамның қасиетті (сакральды) тәжірибесін қайта жаңғырту мен оның қазіргі өмірге енуі. [3] Элиаде архаизмді қазіргі адам мен оның рухани әлемінің өз өткеніне, көне заманмен байланысу құралы ретінде қарастыру деп түсіндіреді.

Элиаденің пікірінше, архаизм адамның әуелгі (первобытный) діндер мен мифологиялық түсініктерге қайта оралу әрекеті ретінде көрінеді. Ол қазіргі заманда

да адамдардың мифтер мен діндер арқылы архаикалық әлемге деген ұмтылыстарын сипаттайды.

Мифтер мен ритуалдар архаикалықтың негізін құрайды. Элиаде мифологияны мәдениеттердің ең көне және маңызды құрамдас бөлігі деп санаған. Ол мифтерді адамдардың өмірінің терең мәнін түсіндіретін, әлемдегі адамның орны мен рөлін сипаттайтын нұсқаулар ретінде қарастырады. Элиаденің зерттеулерінде мифтер мен ритуалдар мәдениеттердің эволюциясындағы уақыттың өтуімен ұмытылып кетуі мүмкін, бірақ олар архаикалық ретінде діни және мәдени құбылыстарда қайта пайда бола береді деп тұжырымдайды.

Элиаде архаикалықты тек өткеннің емес, мәңгілік қайталану мен қайта жаңғыру концепциясы ретінде қарастырды. Ол үшін архетиптер мен мифология мәдениет пен қоғамның түпкілікті құрылымдары болып табылады, олар үздіксіз ғасырлар бойы қайта жаңарып отырады. Осы тұрғыдан алғанда, архаизм мәдениетке, оның ішінде діндер мен қоғамдағы дәстүрлерге ұқсас бейне ретінде үнемі қайта дүниеге келе береді дейді.

Архаикалық және заманауи қоғам байланысы: Элиаде заманауи қоғамдағы архаика түсінігінің қайта жаңғыратыны туралы да айтқан болатын. Ол адамзаттың қазіргі заманауи әлемінде де архетиптер мен көне діндер, мифологияның қайтадан жандануы мүмкін екенін болжады. Бұл процесс «культтер» мен «рухани ізденістердің» қайта жаңарып келуіне, әрі жеке адамның ішкі әлеміне, оның санасына әсер етеді деді. Осы әрекеттер адамдардың көне дәстүрлерін қайта танып өз түпнұсқаларымен қайта табысуына жол көрсетеді деген ой айтты. [4]

Элиаде үшін архаикалық – бұл өткен заманның мәдениеті мен дінінің қазіргі уақытта қайта жаңғырып өмір сүруі, адамдардың оған деген ішкі қажеттілігінің көрінісі. Осы концепциясы арқылы Элиаде адам баласының тарихи және мәдени тереңдігін, көне ұғымдардың қазіргі замандағы маңыздылығын терең зерттеген ғалым болып мойындалады.

4.Миф пен символдар концепциясын Элиаде «Мифтің аспектілері» атты ғылыми шығармасында өзінің түсінген тұжырымдары бойынша толық сипаттап түсіндірген. Ол басқа әріптестерінің мифтік көзқарастарынан ерекшелей білді. Мысалы басқада миф тақырыбын зерттеуші ғалымдардың көзқарастарына шолу жасап көрсек. О.М.Фрейденберг зерттеулерінде миф тек мифтік түсініктермен шектелмейді, кейде ырымдардада бой көрсетеді деген. Келесі миф зерттеуші тұлға Б.Раглан мифтерді ритуалдық мәтіндер ретінде қарастырады. Е. Кассирер болса мифті мәдениеттің символдық бір түрі ретінде зерттеген. Ал, Юнг мектебінің өкілі Дж.Кэмпбелл мифті адамзат тарихындағы шабыт көзі деп есептеген. Ф. Ницше: «Мифсіз, кез-келген мәдениет өзінің табиғатын, шығармашылық сипатын жоғалтады дейді. К.Г. Юнгтің ойынша, миф адамзаттың ойлау жүйесінің ең ежелгі формасы, демек архетиптер, мифологиялық образдар мен тәжірибелердің ең көне этникалық топтары қалыптастырған екен. Осылайша ғалым К.Г. Юнг жалпы адамзатты санасыз, ессіз қалыпта басқару мүмкін емес, керісінше саналы басқару үлгісі халықтардың және жеке тұлғаның тағдырын қалыптастырады деген тұжырымыға келеді. Осы айтылған ойлардың барлығын ескере келе Элиаде мифтер мен символдарға мынандай тұжырымдар жасаған болатын.

Адамдардың ғасырлар бойы өсіп дамуына мифтердің және символдардың рөлі ерекше болды. Ол мифтерді адамзаттың рухани ізденісінің негізі деп қарастырады. Мифтер адам өмірінің мәні мен мақсатын түсінуге көмектесетін символикалық тіл болып табылады. Элиаде мифтердің тек өткен шақтың көрінісі емес, қазіргі замандағы адамдарға да да рухани нұсқаулық беретін құрал екенін атап өтеді. Себебі мифтер тарихы әр халықтың сонау ертеден қалыптасқан дүниені тануға деген ерекше дүниетанымы. Әр халықтың даму тарихындағы мифтердің алатын орны айтарлықтай салмақта. Оның мифология туралы түсінігі философиялық және діни көзқарастардың кең аясын қамтиды. Элиаде мифтерді адамның өмірі мен мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырған және ол мифтерді адамзаттың терең мәдени және рухани сұраныстарын білдіретін, әлемді түсінудегі адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты бейнелейтін нұсқаулар деп санаған.

Элиаденің мифологияға қатысты негізгі түсініктерін қарастырсақ:

Элиаденің пікірінше, мифтер – бұл әлемнің пайда болуы мен оның құрылымын түсіндіретін, адам мен әлем арасындағы байланыстарды сипаттайтын баяндаулар жүйесі. Мифтер әлемнің қалай пайда болғанын, адамдардың шығу тегін, олардың қоғамдағы орнын түсіндіреді.

Элиаде мифтерді тек әңгіме немесе оқиғалар ретінде емес, қасиетті (сакральды) тәжірибелердің бейнесі ретінде көрсете білді. Мифтер адамға әлемнің құрылымын және оның мәнін ашуға көмектесе алды.

Элиаде мифологияны уақытты түсінудің ерекше тәсілі ретінде зерттеген. Ол мифтердің «космологиялық» құрылымын, яғни олардың уақытты түсіну мен ұйымдастыру тәсілін сипаттаған. Мифтер әлемнің мәңгілік құрылымын қайталайды, себебі мифологиялық уақыт сызығы мен тарихи уақыттың арасында айырмашылық бар.

Мифологиялық уақыт «басталу» мен «қайта бастау» концепцияларына негізделеді. Мифтің «космологиялық» мәні, яғни әлемнің алғашқы қалыптасу кезеңіне қайта оралу, адамды рухани жаңару мен қайта туылу процесіне бағыттайды. Сондықтан, мифтердің қайталануы адам үшін жаңа өмір бастауын білдіреді.

Элиаде мифтер мен архетиптерді тығыз байланысты деп қарастырған. Архетиптер – бұл адамзат тарихында үнемі қайталанатын бастапқы бейнелер мен құрылымдар. Мифтер арқылы архетиптер қайта жаңғырып, адамдардың рухани және психологиялық қажеттіліктерін қанағаттандырады.

Архетиптер мифтерде сипатталатын ерекше кейіпкерлер мен оқиғалар ретінде көрінеді. Бұл символдар мен бейнелер адамзаттың мәдени, рухани және психологиялық дамуының түпкі негіздерін білдіреді. [5]

Элиаде мифология мен діндердің тығыз байланысын атап өтті. Ол үшін мифтер - бұл діннің негізгі құрылымдары мен идеяларының көрінісі. Мифология мен діни сенімдер бір-бірімен үндесіп, адамның дүниетанымын қалыптастырады. Ол мифтерді діни тәжірибенің «практикалық» негізі деп қарастырды, яғни олар адамның ғарыштық мәні мен рухани ізденістерінің мәнін ашып береді дейді. Мифтер діннің қалыптасу іргетасы болған, дінде өмірді түсіну мен бағыттау үшін маңызды құрал болып табылады дейді.

Мирча Элиаде символдардың мәдениет пен діндегі рөліне ерекше назар аударған ғалым. Ол символдарды тек қана мәдени немесе діни құбылыстар ретінде ғана емес, адамның рухани және психологиялық тұрғыда өз әлемін түсінуінің негізі ретінде қарастырды. Ол символдарды дүниетанымның терең қабаттары ретінде зерттеді, олардың адамның санасындағы ерекше мәні мен маңызын түсінуге тырысты. Оның символдар туралы түсінігі мифология мен діндерге деген көзқарастарымен тығыз байланысты.

Элиаде символдарды көбінесе қасиетті (sacred) әлеммен байланыстырады. Символдар деген белгілі бір нәрсенің құбылысын, сипатын, қасиетін бейнелеп, астарлап көрсететін әпбебап эстетикалық категория болып түсіндіріледі. Оның пікірінше, символдар – адамдардың «қасиетті» әлеммен байланыстыруға көмектесетін құралдар немесе бейнелер. Яғни, символдар арқылы адам рухани мәнге, жоғары шындыққа, сакральды әлемге жетуге ұмтылады.

Жоғарыда айтылған қасиетті (sacred) мен жерлік (profane) арасындағы бөлініс символдарды қолдану арқылы көрініс береді. Символдар тек әдеттегі немесе жер бетіндегі дүниені емес, керісінше, «қасиетті» дүниені бейнелейді. Оларды басынан түсіну және қабылдау үшін адамдар түрлі символдарды қолданады. Символдар бұл терең мағыналардың көрінісі. Символдарды адамдар әлемдегі өзін және өзінің орнын түсіну үшін қолданатын терең мағынасы бар белгілер деп санайды. Символдар жеке элементтер арқылы үлкен және көп қырлы ойларды, түсініктерді, идеяларды білдіреді. Адамдар үшін символ тек бір нәрсенің бетіндегі көрініс ғана емес, ол адамдар санасында терең ойлар мен концепцияларды бейнелейтін құрал. Мысалы, адамзат тарихындағы көптеген мифологиялық символдар - жер, су, ағаш, от, күн - адам мен әлемнің байланысын және табиғатпен тығыз қарым-қатынаста екенін білдіреді.

Элиаде символдар мен архетиптерді тығыз байланыстырады. Архетиптер – бұл адамның коллективті бейсанасында бар, қайталанатын және барлық мәдениеттерде кездесетін бейнелер мен құрылымдар дейді. Мифтер пен діндер тарихында архетиптерді көрсету үшін символдар пайдаланылады. Ол архетиптерді адамзаттың тарихи және мәдени тәжірибесінен туындайтын өзекті белгілер мен бейнелер ретінде қарастырады. Сондықтан, символдар осы архетиптердің көрініс табуы және оларды өмірде қолданудың бір жолы болып табылады.

Элиаде үшін символдар уақыттың ерекше түсінігімен де байланысты. Ол мифологиялық уақытты символдардың көмегімен түсіндіреді. Мифтердің өзінде әрбір символ өз уақытын көрсетеді және оны адамзаттың санасында мәңгілік қайталанулар арқылы сақтап қалады. Мифтер мен ритуалдар арқылы жүзеге асырылатын символдық әрекеттер уақытты ғана емес, бүкіл әлемді қайта жаңғырту мен қайта құруды білдіреді. Бұл символдар «космологиялық» немесе әлемнің құрылымын бейнелейді, әлемнің алғашқы қалыптасу кезеңіне оралуға мүмкіндік береді.

Символдардың мәдениет пен діндердегі рөлі өте маңызды. Элиаде символдарды адамның рухани әлемін қалыптастырудың негізі деп санаған. Мифтік немесе діни символдар әлемді түсінудің, оны жүйелендірудің және оған терең мағына беруінің жолдары болып табылады. Символдар діни рәсімдерде және культтерде ерекше рөл

атқарады, өйткені олар адамдарды сакральды әлеммен байланыстырып, өздерін «қасиетті» әлемнің бір бөлігі ретінде сезінуге көмектеседі. Сондықтан символдардың мәні көпқырлы болып келеді.

Элиаде үшін символдардың мәні тек бір деңгейде емес, бірнеше деңгейде болуы мүмкін. Символдар әртүрлі мәдениеттерде әртүрлі мағынаға ие бола алады, бірақ олардың ортақ сипаты – олар адамзаттың санасындағы негізгі ұғымдарды бейнелеуі.

Символдар адамның жеке тәжірибесін және тарихи контекстін ескере отырып әртүрлі мағыналар мен түсініктерге ие бола алады, бірақ олардың негізгі мақсаты - адамның өзін-өзі және әлемді түсінуіне көмектесу.

Мирча Элиаде үшін миф – бұл тек өткенді сипаттайтын немесе тарихи оқиғаларды баяндайтын әңгіме емес, ол адамзаттың рухани өмірінің негізі, әлемді түсінудің маңызды тәсілі және адамның ішкі әлемі мен оның құндылықтарын айқындайтын терең құбылыс. Мифтер адамды уақыттан тыс әлемге байланыстырып, оның әлемдегі орны мен мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Қазіргі заманда да мифтер түсінігі дінтану саласының маңызды бөлігі болып қалыптасып кеткен. Символдар болса миф пен діннің терең қабаттарын түсіндіретін мәдени құрал және адамдардың рухани және психологиялық әлемін түсіндіретін маңызды көрсеткіш ретінде де қарастырылады. Сондықтан қазіргі кезде де символдар адамның қасиетті әлеммен байланысын қалыптастырып, оған терең мағына мен мақсат беретін жол ретінде қызмет атқарады.

5. Діннің универсалдылығы концепциясы. Элиаде дінді универсалды құбылыс ретінде қарастырады. Оның діни универсализм туралы идеялары діндердің ортақ түбірін, жалпы құрылымдарын және әлемдегі барлық діндердің бірегей қасиеттерін түсінуге бағытталған. Ол әртүрлі мәдениеттер мен халықтардағы діндердің ортақ негіздеріне назар аударады. Оның айтуынша, барлық діндер өздерінің айрықша ерекшеліктеріне қарамастан, әлемнің құрылымы мен адамның жан дүниесіне қатысты ұқсас элементтерді қамтиды. Бұл концепция Элиадені феноменология саласындағы дінтанушы ретінде танымал етті, себебі ол әртүрлі діндер арасындағы ортақ элементтерді зерттеп, оларды жалпы заңдылықтар мен құрылымдар арқылы түсінуге тырысты. Оның пікірінше, әрбір дін өзінше ерекше болғанымен, олардың бәрінде ортақ элементтер мен ұғымдар бар. Барлық діндерде құдайлар, қасиетті орындар, ритуалдар, өмір мен өлімнің мәні туралы түсініктер, адам мен әлем арасындағы байланыс сияқты ортақ тақырыптар бар. Мысалы, храмдар мен киелі жерлердің, ғибадатханалардың әр түрлі мәдениеттерде маңызды орын алатындығын атап көрсетті. Әр дін өзінің қасиеттілігін әлемге ашып көрсету үшін түрлі символдар мен ритуалдарды қолданады, бірақ олардың мәні мен мақсаты бірдей болып қала береді. Себебі, түптеп келгенде барлық дін өкілдерінің насихаттайтыны және аңсайтыны құдайға жақындау, жанының тыныштығы, бақытқа жету болып табылады.[6]

Оның айтуынша, барлық діндер ортақ мифтерді, символдарды пайдалана отырып, уақытты циклдік деп қарастырады, яғни әлемнің құрылымы мен тәртібі табиғаттың қайталанатын кезеңдерінде көрініс табады дейді. Бұл идея бүкіл діндерде кездеседі, мысалы, христиандықтағы Жаратылыс пен Қайта тірілу, индуизмдегі қайта туылу мен карма немесе ежелгі египеттік діндердегі құдайлардың жаңаруы сияқты тәжірибелік мәтіндерді салыстыра отырып, олардың түпкі мәні мен мақсаты бірдей екенін анықтайды.

Элиаденің діни универсализмі діндер мен мәдениеттердің өзара байланыстарын, бірегейлігін және ортақ бастамаларын көрсетуге бағытталған. Оның теориясы діни көптүрлілікті мойындай отырып, олардың әрқайсысы адамзат тәжірибесінің маңызды аспектілерін түсінуге мүмкіндік береді.

6. *Уақыт және illud tempus концепциясы.* Элиаде уақыттың ерекше сипатын да зерттеді. Ол «illud tempus» – алғашқы, түпнұсқа уақыттың және оның қайталанбас сипатын айтады. Бұл концепция бойынша, адам қасиетті уақытқа оралып, өзінің рухани түпнұсқасын жаңғыртуға ұмтылады. Мифологиялық уақыт пен тарихтың циклдық сипаты адамның өміріндегі маңызды кезеңдерді жаңа тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеушілер діни сенімдер ұстаушылар дәуірлерінің адамдарын зерттеу барысында тік жүрген адамдар болғанын айтады. Демек діни сенім ұстанушылар саналы тік жүрген деген тұжырым шығады.[7] Яғни тік жүрушілер сергек жүреді, санасыз болуы мүмкін емес деген ой түйінделеді. Еңкейіп жүрушілер қол жетімсіз құрылғылардың пайда болуынан уақыт өте келе тік жүруді үйренген дейді. Нәтижесінде адамдар уақыт белдеуіне бағынып орталық осьпен айнала алатын, шалқая алатын, оңға, солға бұрыла алатын қабілеттерін дамытқан. Олардың ол әрекеттерінен тұрақтары белгілі бір «орталыққа» реттеліп, космогониялық символикалық, парадигматикалық бөлінулерінің семантикалық жақтарын түсіндіреді.

"Уақыт" және "illud tempus" концепциялары Мирча Элиаденің уақытты және әлемді түсіну тәсілін ашып көрсетеді. Ол тарихи және мифологиялық уақыттың арасындағы айырмашылықты түсіндіріп, олардың өзара байланысы мен маңыздылығын діндер мен мифологияларда терең зерттеген. Illud tempus – бұл қасиетті уақыттың символы, адамның өзінің тарихи өмірін мифологиялық контексте қайта жаңғыртуға ұмтылысы болып табылған.

Нәтижелер

Элиаденің дінтану ғылымындағы орны. Мирча Элиаде дінтанудың тек тарихи және мәдени аспектілерін ғана емес, сонымен бірге адам психологиясы мен әлеуметтік құрылымдардағы діннің рөлін зерттеген ғалым ретінде ерекшеленді. Оның діннің мәдениет пен қоғамдағы орны туралы тұжырымдары қазіргі дінтану ғылымына үлкен ықпал етті. Элиаде діннің әмбебап табиғаты туралы ойлай отырып, әртүрлі діндердің бірегейлігін мойындайды. Оларды ортақ принциптер мен құрылымдар арқылы зерттеді. Оның концепциялары тек теориялық қана емес, практикалық тұрғыдан да маңызды болып табылады, өйткені ол діндердің даму заңдылықтарын түсінуге мүмкіндік бера алды.

Элиаденің зерттеулері оның дінтанудың феноменологиялық бағытына деген қызығушылығын көрсетеді. Бұл бағытта дін әртүрлі мәдениеттер мен дәстүрлерде бірегей түрде көрініс табатын универсалды феномен ретінде қарастырылды. Оның дін феноменологиясы адамның діндегі көрініс табу формаларын, символдарын және рәсімдерін зерттеуге бағытталғаны анық.

Қорытынды

Мирча Элиаденің дінтанулық концепциясы діннің адам өміріндегі маңызын, оның мәдени және психологиялық аспектілерін терең зерттеу арқылы кең ауқымды түсініктерді ұсынады. Оның жұмыстары қазіргі дінтану ғылымында кеңінен мойындалған және көптеген зерттеулердің негізін қалаған. Элиаденің идеялары арқылы біз діннің тек қана теориялық қырын емес, оның адамзаттың рухани әлеміне және оның әлеуметтік құрылымдарына әсерін де түсіне аламыз.

Мирча Элиаденің дінтанулық концепциялары діннің мәнін, оның адам болмысындағы рөлін және қоғамдағы функциясын түсіну үшін терең ғылыми әдіснаманы ұсынады. Элиаде дінді тек мәдениет немесе тарих тұрғысынан ғана емес, психологиялық және философиялық аспектілерден де зерттеп, діннің адамзат өміріндегі терең мағынасы мен функционалдық қызметін ашуға тырысты. Ол қасиетті мен жерлік арасындағы айырмашылықты, иерофанияның маңызын, архаизмнің жаңғыруын және мифтер мен символдардың рөлін зерттеуде жаңа көзқарастар ұсынды.

Элиаденің «қасиетті» мен «жерлік» арасындағы бөлінісі, иерофанияның көрініс табуы, архаизм мен мифологияның өзара байланысы туралы теориялары діннің әмбебап және мәңгілік сипаттарын көрсетеді. Оның мифтер мен символдар туралы тұжырымдары, архаикалық дәуірдің қазіргі қоғамда қайта жаңғыруы сияқты идеялары тек дінтануда ғана емес, жалпы гуманитарлық ғылымдарға да маңызды әсер береді.

Мирча Элиаденің концепциялары қазіргі дінтанудың, мәдениеттанудың және философияның негізінде кеңінен қолданылады. Оның дінге қатысты ойлары діндердің әмбебап принциптерін, олардың мәдениеттер арасындағы ортақ құрылымдарын зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Элиаденің зерттеулері мифология мен символдарды адамның рухани тәжірибесінің негізі ретінде қабылдауды алға тартады, бұл адамзаттың әлемдегі өз орны туралы түсініктерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Элиаденің дінтанулық концепциялары бүгінгі күнде де өзекті болып қалуда, өйткені олар діндердің құрылымы мен қызметін терең түсінуге және мәдениеттердің рухани өміріне қатысты жаңа зерттеулерге негіз болып табылады.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ:

Бұл жұмыстың авторлары мүдделер қақтығысы жоқ екенін мәлімдейді.

Авторлардың қосқан үлесі:

Барақбаева Т. – зерттеу бойынша статистикалық және эмпирикалық деректерді жинап мақаланың жазылуын жүзеге асырды. Мақаланың мәтінін дайындады.

Дүйсенбаева А. – мәтінді талдап, мақаланың мазмұнын бағалады, зерттеудің күшті және әлсіз тұстарын айқындап түзетулер енгізді. Мақаланың мәтінін дайындап редакцияға ұсыну, техникалық түзетулерін жүзеге асырды.

Аманқұлов Т. – зерттеу тақырыбы бойынша дереккөздерді саралау, жинақтауды жүзеге асырды, мақаланың мәтінін дайындауға үлес қосты.

Әдебиеттер тізімі

1. Хабаршы. Дінтану сериясы. №1 (37) 2024 65 стр\\ <https://bulletin-religious.kaznu.kz>
2. Элиаде М. Космос және тарих. Таңдаулы жұмыстар. А. А. Васильева, В. Р. Рокитянский, Е. Г. Борисова аудармалары. Кіріспе мен ескертпелер Н. Я. ДаРаган. Послел. В. А. Чаликовой. Общая ред. И. Р. Григулевича и М. Л. Каспарова. - М.: Прогресс, 1987.
3. Мелетинский Е. М. Миф поэтикасы. - М.: Наука, 1976.
4. Ревуненкова Е.В. М.Элиада шығармаларындағы шаманизм мәселелері. - этнографияның және қазіргі шетел ғылымының өзекті мәселелері. Ред. Ю.В.Маретин және Б.Н.Путилов. - Л.: Наука, 1979. С. 241-258.
5. Элиаде М. Қасиетті және дүниелік. Француз тілінен ауд., алғы сөз. және түсініктеме. Н.К.Гарбовский. - М.: Ред. Мәскеу мемлекеттік университеті, 1994 ж.;
6. Элиад М. Мифтің аспектілері. Пер. фр. В.Большаков. Мақала және түсініктеме. Е. Строганова. - М.: Инвест-ППП, 1994 ж.
7. Элиад М. Сенім және діни идеялар тарихы. Тас дәуірінен Елеусіндік құпияларға дейін. Т1. М., Критерия, 2001, 233 б.

Толен Баракбаева^а, Альбина Дуйсенбаева^а, Темур Аманкул^б

^аЕгипетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан

^бКазахский национальный университет имени аль-Фараби Алматы, Казахстан

Пояснение к религиозно-мифологическим концепциям М. Элиаде

Аннотация. В статье рассматриваются основные религиозно-мифологические концепции Мирчи Элиаде, их роль и значение в современной науке. Исследования историка религий представляют собой фундаментальные работы в области религиоведения, и их анализ позволяет подчеркнуть актуальность его теоретических положений. Мы акцентируем внимание читателя на концепциях «сакрального и профанного», «иерофании», «архаического сознания», «мифа», «символа», «религиозного универсализма» и «времени», рассматривая их влияние на формирование структуры религиозного сознания и предлагая их новую интерпретацию. Идеи Элиаде раскрывают универсальные закономерности религиозного опыта и его воздействие на культурные и духовные процессы. Он трактует религию не только как систему верований, но и как особый способ познания мира. В статье определяется место его взглядов на мифы и символы в религиозном мировоззрении и их роль в духовной жизни человека. Рассматривается актуальность его теорий в современных религиозно-мифологических исследованиях, анализируется значимость мифов и символов для общества. В результате исследования представлена новая оценка вклада Элиаде в феноменологию религии, а также обоснована значимость его концепций для современных научных изысканий. Его идеи позволяют глубже понять роль религии в жизни человека, а также функции мифов и ритуалов в общественных процессах.

Ключевые слова: время; символ; концепция; история религий; иерофания; сакральное; архаическое; религиозное сознание.

Tolen Barakbaevaa, Albina Duissenbayeva^a, Temur Amankul^b

^a*Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan*

^b*Al-Farabi Kazakh National University*

Explanation of M. Eliade's Religious Studies Concepts

Abstract. The article examines the key religious studies concepts of Mircea Eliade, their role, and significance in contemporary scholarship. The research conducted by this historian of religions represents fundamental works in the field of religious studies, and their analysis highlights the relevance of his theoretical positions. We draw the reader's attention to the concepts of the "sacred and the profane," "hierophany," "archaic consciousness," "myth," "symbol," "religious universalism," and "time," exploring their influence on the formation of religious consciousness and offering a new interpretation.

Eliade's ideas reveal the universal patterns of religious experience and its impact on cultural and spiritual processes. He views religion not only as a system of beliefs but also as a unique way of understanding the world. The article defines the place of his views on myths and symbols in religious worldview and their role in human spiritual life. The relevance of his theories in modern religious studies is examined, along with the significance of myths and symbols for society.

As a result of this research, a new assessment of Eliade's contribution to the phenomenology of religion is presented, and the importance of his concepts for contemporary academic studies is substantiated. His ideas provide deeper insights into the role of religion in human life, as well as the functions of myths and rituals in social processes.

Keywords: time, symbol, concept, history of religions, hierophany, sacred, archaic, religious consciousness.

References

1. Herald. Religious Studies Series. No. 1 (37) 2024, p. 65 // <https://bulletin-religious.kaznu.kz>
2. Eliade, M. // *Cosmos and History: Selected Works*. // Translated by A. A. Vasilyeva, V. R. Rokityansky, E. G. Borisova. Introduction and Notes by N. Ya. DaRagan. Afterword by V. A. Chalikova. General Editorship by I. R. Grigulevich and M. L. Kasparov. - Moscow: Progress, 1987.
3. Meletinsky, E.M. *Poetics of Myth. // - Moscow: Nauka, 1976.
4. Revunenova, E.V. // *Shamanism Issues in M. Eliade's Works*. // In: *Relevant Issues in Ethnography and Contemporary Foreign Science*. Edited by Yu. V. Maretin and B. N. Putilov. - Leningrad: Nauka, 1979. pp. 241-258.
5. Eliade, M. // *The Sacred and the Profane*. // Translated from French, Introduction, and Commentary by N. K. Garbovsky. - Moscow: Moscow State University Press, 1994.
6. Eliade, M. // *Aspects of the Myth*. // Translated from French by V. Bolshakov. Article and Commentary by E. Stroganova. - Moscow: Invest-PPP, 1994.
7. Eliade, M. // *History of Belief and Religious Ideas. From the Stone Age to the Eleusinian Mysteries*. // Vol. 1. Moscow: Kriteriya, 2001, 233 p.

Авторлар туралы мәлімет / Information about authors/ Сведения об авторах:

Барақбаева Төлен – PhD докторант, Нұр-Мұбарак ЕИМУ, әл-Фараби даңғылы 73, 050060, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-9420-5167>, e-mail: tolenbarakbaeva@gmail.com

Дүйсенбаева Альбина – PhD, қауымд. профессор м.а., Нұр-Мұбарак ЕИМУ, әл-Фараби даңғылы 73, 050060., Алматы, Қазақстан. <https://orcid.org/0000-0002-4556-3152>, duissenbaevadka@gmail.com

Аманқұл Темур – PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Әл-Фараби даңғылы 71, 050040, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-8734-5519>, amankulov_2007temur@mail.ru.

Баракбаева Толен – PhD докторант, ЕУИК Нұр-Мубарак, пр.аль-Фараби 73, 050060, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-9420-5167>, e-mail: tolenbarakbaeva@gmail.com

Дуйсенбаева Альбина – PhD, и.о. асс., профессор., ЕУИК Нұр-Мубарак, пр.аль-Фараби 73, 050060, Алматы, Казахстан. <https://orcid.org/0000-0002-4556-3152>, e-mail: duissenbaevadka@gmail.com

Аманкул Темур – PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, пр.аль-Фараби 71, 050040, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0001-8734-5519>, e-mail: amankulov_2007temur@mail.ru.

Barakbaeva Tolen – PhD., acting associate professor, Nur-Mubarak University, al-Farabi ave.73, 050600, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-9420-5167>, e-mail: tolenbarakbaeva@gmail.com

Duissenbayeva Albina – PhD., acting associate professor, Nur-Mubarak University, al-Farabi ave.73, 050600, Almaty, Kazakhstan. <https://orcid.org/0000-0002-4556-3152>, e-mail: duissenbaevadka@gmail.com

Amankul Temur – PhD, Al-Farabi Kazakh National University, al-Farabi ave.71, 050040, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-8734-5519>, e-mail: amankulov_2007temur@mail.ru.

Мақала 18.02.2025 редакциясына түсті; 05.03.2025 рецензиядан кейін мақұлданды; 30.03.2025 жұртшылыққа қабылданды.